

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2007 жылғы 30 қаңтардағы N 31 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 2 ақпандағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4535 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2007 жылғы 24 тамыздағы N 239 Бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2007.08.24. N 239 Бұйрығымен.

"Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 қаңтардағы N 64 қаулысына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Ақпараттық қызмет көрсету Қағидаларын бекіту туралы" Әділет Министрінің 2000 жылғы 29 қаңтардағы N 6 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1035 болып тіркелді, N 1695 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетенінде жарияланған, 2002 жылғы N 12, 561-құжат "Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2000 жылғы 29 қаңтардағы N 6 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2001 жылғы 6 желтоқсандағы N 143 ; N 1969 болып тіркелген, 2002 жылғы 18 қыркүйектегі N 38 "Заң" газетінде, Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетенінде жарияланған, 2002 жылғы N 39, 700-құжат "Ақпараттық қызмет көрсету Қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2000 жылғы 29 қаңтардағы N 6 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" 2002 жылғы 23 тамыздағы N 125 ; N 2764 болып тіркелген, 2005 жылғы 2 тамыздағы N 139-140 "Заң" газетінде жарияланған, " Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі 2000 жылғы 1 ақпанда N 1035 болып тіркеген "Ақпараттық қызмет көрсету Қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2000 жылғы 29 қаңтардағы N 6 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" 2004 жылғы 19 наурыздағы N 69 ; N 2861 болып тіркелген, "Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2004 жылғы 17 мамырдағы N 136 ; N 3067 болып тіркелген, 2005 жылғы 2 тамыздағы N 139-140

"Заң" газетінде жарияланған, "N 1035 болып тіркеген "Ақпараттық қызмет көрсету Қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2000 жылғы 29 қаңтардағы N 6 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" 2004 жылғы 7 қыркүйектегі N 256 ; N 3815 болып тіркелген, 2005 жылғы 1 қыркүйектегі N 159 (893) "Заң" газетінде жарияланған, "Ақпараттық қызмет көрсету Қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2000 жылғы 29 қаңтардағы N 6 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" 2005 жылғы 25 тамыздағы N 230 Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрықтарымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақта "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі комитетінің жылжымайтын мүлік жөніндегі Орталықтармен" деген сөздер алып тасталсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі комитетінің Жылжымайтын мүлік жөніндегі орталықтарымен ақпараттық қызмет көрсету қағидасында:

тақырыбында "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі комитетінің Жылжымайтын мүлік жөніндегі орталықтарымен" деген сөздер алып тасталсын;

1-тармақта "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі комитетінің Жылжымайтын мүлік жөніндегі орталықтарымен" деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақта "Тіркеу қызметі комитетінің Жылжымайтын мүлік жөніндегі орталықтарымен" деген сөздер "аумақтық органдарымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацта "заңнамаға сәйкес белгіленген ақыға" деген сөздер "тегін негізде" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзац алып тасталсын;

5-тармақтың екінші абзацында бірінші сөйлем мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"Тіркеуші орган прокуратура органдарының, құқық қорғау, сот және атқарушы органдардың сұрауы бойынша заңнамада көзделген олардың құзыретіне сәйкес тиісті мәлімет береді.";

1 3 - т а р м а қ т а :

2) тармақшада ";" тыныс белгісі "." тыныс белгісімен ауыстырылсын;

3) тармақша алып тасталсын;

1 4 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацта "осы ережелердің 16 тармағының 1) және 2) тармақшаларын қоспағанда." деген сөздер алып тасталсын;

екінші абзац алып тасталсын;

15, 15-1-тармақтар алып тасталсын;

1 6 - т а р м а қ т а :

1), 2) тармақшалар алып тасталсын;

3) тармақшада "оның" деген сөзден кейін "1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

5) тармақшада "жылжымайтын" деген сөздің алдынан "2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

17, 17-1-тармақтар алып тасталсын.

осы бұйрыққа 1, 2 қосымшаларына сәйкес 1, 2 қосымшаларымен толықтырылсын.

2. "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқықтық ауыртпалықтарды) мемлекеттік тіркеу жөніндегі құжаттардың нысандарын бекіту туралы" Әділет министрінің 2005 жылғы 26 шілдедегі N 197 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3778 болып тіркелді, 2005 жылғы 6 қыркүйектегі N 162 "Юридическая газета" газетінде жарияланған), мынадай өзгерістер енгізілсін:

1, 2 - қ о с ы м ш а л а р д а :

жоғарғы оң жақ бұрышында:

"Жылжымайтын мүлік жөніндегі орталық" РМК" деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

"орган" деген сөз "аумақтық әділет орган" деген сөздермен ауыстырылсын; он төртінші жолда "Тіркеу туралы куәлік қажет пе: Ия _____ Жоқ _____" (керегін белгілеу)" деген сөздер алып тасталсын;

3 - қ о с ы м ш а д а :

жоғарғы оң жақ бұрышында:

"Жылжымайтын мүлік жөніндегі орталық" РМК" деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

"орган" деген сөз "аумақтық әділет орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 - қ о с ы м ш а д а :

жоғарғы оң жақ бұрышында:

"Жылжымайтын мүлік жөніндегі орталық" РМК" деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

"орган" деген сөз "аумақтық әділет орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы жолда "_ жылжымайтын мүлікке құқықтарды (ауыртпалықтарды) және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік;" деген сөздер алып тасталсын;

жетінші жолда "_ кондоминиум объектісін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік;" деген сөздер алып тасталсын;

он төртінші жолда "1. "Төлем туралы құжат: түрі ___ N ___ күні ___ 200 ___ ж. ___ теңге сомасында." деген сөздер алып тасталсын;

он бесінші жолда "2." деген сан алып тасталсын.

4. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аумақтық органдары өзінің қызметінде осы бұйрықты басшылыққа алсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі комитетінің төрағасына жүктелсін.

6. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Әділет министрі

Қазақстан Республикасы

Әділет министрінің

2007 жылғы 30 қаңтардағы

N 31 бұйрығына 1 қосымша

Қазақстан Республикасының

Әділет аумақтық органдарымен

Ақпараттық қызмет көрсету

Қ а ғ и д а л а р ы н а

1 қосымша

Жылжымайтын мүлікке құқықтары

(ауыртпалықтары) және оның

техникалық сипаттамалары туралы

анықтамасының түрі

Мемлекеттік органның атауы

**Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар
(ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамасы
туралы анықтама**

N _____

200__ жылғы "___"» _____

(тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы,

алушының жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, берген мекеме)

мынадай жылжымайтын мүлік объектілерін растау үшін берілді:

Жылжымайтын мүлік түрі	Кадастр нөмірі	Алаңы	Орналасқан жері	Жасау саны	Қабаттылығы, қабат	Жалпы алаңы	Тұрғын, пайдалы алаңы	Бөлінісі (ЗУ)	Ескерту

1) құқық тіркелді:

Құқық түрі	Мазмұны	Құқық иеленуші	Жалпы меншік нысаны, үлесі	Құқықтың пайда болу негізі	Тіркелген күні, уақыты

2) құқық ауыртпалығы тіркелді:

Ауыртпалық түрі	Мазмұны	Құқық иеленуші немесе уәкілетті орган (мүдделі адам)	Жалпы меншік нысаны, үлесі	Ауыртпалықтың пайда болу негізі	Тіркелген күні, уақыты

Орындаушы

_____ (қолы)

_____ (Тегі, аты, әкесінің аты)

Бөлім бастығы

_____ (қолы)

_____ (Тегі, аты, әкесінің аты)

Басшы

_____ (қолы)

_____ (Тегі, аты, әкесінің аты)

М . О .

Е с к е р т у :

Анықтамада қамтылған мәліметтер берілген сәтте жарамды болып табылады.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2007 жылғы 30 қаңтардағы
N 31 бұйрығына 2 қосымша

Қазақстан Республикасының
Әділет аумақтық органдарымен
Ақпараттық қызмет көрсету
Қ а ғ и д а л а р ы н а

2 қосымша

Жылжымайтын мүлікке құқықтары
(ауыртпалықтары) және оның
техникалық сипаттамалары туралы
анықтамасының түрі

Мемлекеттік органның атауы

Жылжымайтын мүліктің жоқтығы
(барлығы) туралы анықтама

N _____ 200__ жылғы "___" _____

(тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы, жеке басын куәландыратын
құжаттың деректері, берген мекеме - жеке тұлға және оның өкілі үшін;

атауы, мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің тіркеу нөмірі -
_____ берілді.

заңды тұлға үшін және оның өкілінің тегі, аты, әкесінің аты)

Оның атында _____

(жылжымайтын мүлкі болса
_____ елді мекенде

оның орналасқан жері)

(жылжымайтын мүліктің мақсатты тағайындалуы) жылжымайтын мүлікке
меншік құқығы _____ тіркелген (тіркелген жоқ) .

_____ керек емесі сызылады

Орындаушы _____

(қолы)

(Тегі, аты, әкесінің аты)

Бөлім бастығы _____

(қолы)

(Тегі, аты, әкесінің аты)

Басшы _____

(қолы)

(Тегі, аты, әкесінің аты)

М . О .

Е с к е р т у :

Анықтамада қамтылған мәліметтер берілген сәтте жарамды болып
табылады.